

**"2001 жылдың шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтар және қосылған құн салығы бойынша мәліметтерді беру тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1545. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" K010209\_ Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Z010210\_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН: Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі: 65. " 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтар және қосылған құн салығын есепке алу бойынша мәліметтерді беру тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562 V011545\_ бұйрығы. ----- "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 3 мамырдағы Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН: 1. "2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтарды және қосылған құн салығының шегерімін беру тәртібі туралы" қоса берілген Нұсқаулықты (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітсін. 2. Әдістеме департаменті (Н.Д. Үсенова): аталған Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін; осы бұйрық мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін. 3. Осы бұйрық 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Министр Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің міндетін атқарушы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 12 мамырда 2001 жылғы 11 мамырдағы Келісілді N 562 бұйрығымен Бекітілді 2001 жылдың шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтар және қосылған құн салығы бойынша шегерімге қалдықтар бойынша мәліметтерді беру тәртібі туралы Нұсқаулық

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңының 179-баптың 11-тармағына сәйкес заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, сондай-ақ тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент еместері (бұдан әрі - салық төлеушілер) 2001 жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей өзінің тіркеу орны бойынша салық органдарына мынадай ақпаратты беруге міндетті:

1) 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бар негізгі қаражаттардың, материалдық емес активтердің, тауарлық-материалдық емес қорлардың қалдықтары туралы мәліметтер;

2) аталған күнге жауапты сақтауда бар негізгі қаражаттар, тауарлық-материалдық қорлар туралы мәліметтер;

3) жолда аталған күнде бар негізгі-қаражаттар, тауарлық-материалдық қорлар туралы мәліметтер;

4) өнеркәсіптік ұқсатуға арналған импортталған шикізат пен материалдар, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңның 71-1-бабының 1-тармағына сәйкес 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша олар негізінде үш ай мерзіммен қосылған құн салығын төлеу жөніндегі мұрсат берілген және олар негізінде аталған күнге салықтың мұрсат берілген сомалары бойынша берешекті өтеу жүргізілмеген импортталған су, газ және электроэнергиясы туралы мәліметтер;

5) 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ұйымның бухгалтерлік балансы. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын және оңайлатылған нысан бойынша қаржылық есеп беруін құрайтын жеке тұлғалардың бухгалтерлік балансты бермеуі міндетті емес.

2. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген мәліметтер де Заңның 54-бабының 3-тармағына сәйкес қосылған құн салығын жеке төлеушілер болып табылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері береді.

Заңның 54-бабы 3-тармағына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеуші болып табылмайтын филиалдары мен құрылымдары бар заңды тұлғалар мәліметтерді бас кәсіпорынның әрбір филиалы мен құрылымдарының қимасында заңды тұлға бойынша біртұтас алғанда жиынтық кестеге атаған мәліметтерді бірлестіріместен береді.

Ескерту: 2-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 872 бұйрығымен. V011613\_

3. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының ережесі мыналарға таралмайды: Заңның 54-бабына сәйкес қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын салық төлеушілер;

мемлекеттік мекемелер;

Заңның 53-1-бабына сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық салу объектілері жоқ, сондай-ақ Заңның 64-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуға жататын қосылған құн салығының сомасы жоқ салық төлеушілер;

егер мұндай ұйымдар балаларды, қарттарды және мүгедектерді қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ғылым, дене тәрбиесі мен спорт саласындағы қызмет көрсетулер бойынша қызмет көрсетсе коммерциялық емес ұйымдар;

діни ұйымдар;

қосылған құн салығынан босатылған медициналық, білім беру, қаржы қызмет көрсетулер қызметтің негізгі түрі болып табылатын заңды және жеке тұлғалар.

оларды жүзеге асыру үшін осы оңайлатылған салық салу режимін қолдану құқығына патент алған қызмет түрлері бойынша, - патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданушы ауылшаруашылығы тауарларын өндіруші - заңды тұлғалар;

оларды жүзеге асыру үшін осы оңайлатылған салық салу режимін қолдану құқығына патент алған қызмет түрлері бойынша, - патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданушы жеке кәсіпкерлер.

Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 872 бұйрығымен. V011613\_

4. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағындағы 1)-4)-тармақшаларда көрсетілген мәліметтер қосылған құн салығымен сатып алынған негізгі қаражаттар, материалдық емес активтер, тауарлық-материалдық емес қорлар бойынша беріледі, ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда мемлекеттік тіркеуден өткен N 1434 V011434\_ , Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 117 бұйрығымен бекітілген "Қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Нұсқаулығының 14-бөліміне сәйкес шегерімге жатады.

5. Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер бойынша мәліметтерге мыналарды қоса, 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салық төлеушілерде бар негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер бойынша мәліметтер енгізіледі: жаңғыртуға, консервацияға, техникалық қайта жарактандырылуға бар, орнатылмаған жабдық, аяқталмаған құрылыс, жауапты сақтауға, жалға берілген негізгі қаражаттар.

Негізгі қаражаттар бойынша мәліметтер жалпы сомада көрсетіледі, оның ішінде жалға берілген негізгі қаражаттар, сондай-ақ белгіленбеген жабдық бойынша мәліметтер жеке көрсетіледі. Мәліметтерде барлық негізгі қаражаттардың жалпы алғашқы құны жеткізуші төлеуге тиіс (немесе импорт

кезінде) және шегерімге жатқызылған қосылған құн салығының сомасы, сондай-ақ олардың қалдық құны көрсетіледі.

6. Тауарлық-материалдық, оның ішінде аяқталмаған өндіріс бойынша мәліметтер мынадай тәртіпте беріледі:

1) 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген салық сомасынан есепке жатқызылған қосылған құн салығының асуы жоқ салық төлеушілер жалпы сомадағы мәліметтерді береді;

2) 2001 жылдың 1 шілдесінде көрсетілген арттырулары бар салық төлеушілер мәліметтерді құнына, сұрыпына, санаттарына және өзге де өлшемдері бойынша бөлместен тауарлық-материалдық қор топтары жөніндегі қимада беріледі. Көмекші материалдарға және өзге де шығыс материалдарына (кеңсе тауарлары, бланк өнімдері, арнайы киім және басқалары) қатысты тауарлық-материалдық қалдықтар жөніндегі мәліметтер бір сомамен беріледі. Бұл ретте, көмекші материалдарға қалыпты өндірістік процесті немесе басқа да өндірістік және бірлік құны 50 АЕК артпайтын шаруашылық қажеттілігінің (ұстау, ағымды жөндеулер және үй-жай мен ғимарат жабдықтарын және басқа да негізгі қаражаттарды пайдалану) шығыстарын қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру процесінде пайдаланылатын материалдар жатады.

Өндірістік қызметін жүзеге асырушы салық төлеушілер (оның ішінде қызмет көрсетулер) атаулар бойынша бөлшектенбестен жалпы сомада көрсетілетін дайын өнімдердің және аяқталмаған өндіріс қалдықтары бойынша да мәліметтер мәліметтерде көрсетіледі. Бұл ретте, дайын өнімнің және аяқталмаған өндіріс қалдықтары бойынша мәліметтерден атаулар бойынша бөлінбестен жалпы сомадан жеке дайын өнімнің және аяқталмаған өндіріс қалдықтарының құнындағы олардың жеке үлесінен ескеріліп айқындалатын құн дайын өнімнің және аяқталмаған өндіріс қалдықтарының құрамына кіретін шикізат, материалдар және басқа да тауарлық-материалдық қалдықтар бойынша мәліметтер бөлінеді.

Мәліметтерде салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде қабылданған бағалау есебінің әдісін ескере отырып импорт кезіндегі немесе жеткізуші төлеуге тиіс қосылған құн салығының сомасы мен тауарлық-материалдық қорлардың құны көрсетіледі.

Қосылған құн салығы мәліметтерде әрбір атау бойынша көрсетілмеуі мүмкін, есепке жатқызылған салықтың жиынтық шегі ретінде көрсетіледі. Егер салық төлеушіде әртүрлі ставкалар бойынша есептелген, қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлық-материалдық қалдықтары бар болса, онда осындай қалдықтар бойынша мәліметтер 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін аталған тауарлық-материалдық қалдықтарға қатысты қолданылатын салық ставкасының

шегіне байланысты топталуы мүмкін. Әрбір топ бойынша бұл жағдайда жеке жиынтықтар шығарылады, сондай-ақ олар бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы және тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары құнының жалпы шегі көрсетіледі.

Тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары бойынша мәліметтер толық көлемде бюджетке оларды төлеу жолымен жүргізілген мұрсат берілген салық сомасын өтеу жағдайларынан басқа Заңның 71-1-бабындағы 1-тармаққа сәйкес мұрсат берумен бірге 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасына импортталған тауарлық-материалдық қорлар бойынша мәліметтер енгізілмейді. Сондай-ақ мәліметке олар бойынша импортқа қосылған құн салығын төлеу есепке алу әдісімен жүргізілген импорт бойынша алынған тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары енгізілмейді.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 872 бұйрығымен. V011613\_

7. Жауапты сақтауда бар негізгі қаражаттар, тауарлық-материалдық қорлар бойынша мәліметтер сақтауға берілген бойынша да және сақтауға алынған бойынша да атаулар бөлшегінде беріледі.

8. Жолда 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бар негізгі қаражаттар, тауарлық-материалдық қорлар туралы мәліметтерді аталған күннен кейін оларды алуды күтетін салық төлеуші береді. Осы мәліметтерге 2001 жылдың 1 шілдесінен кейін импорт бойынша алуға жататын негізгі қаражаттар мен материалдық-қорлар бойынша мәліметтер енгізілмейді.

9. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағындағы 4)-тармақшада көрсетілген мәліметтер 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша олар негізінде мұрсат бойынша берешек өтелмесе немесе толық көлемде емес өтелсе тауарлық-құндылық қорлар бойынша мәліметтер енгізіледі.

10. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерді беру үшін салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте негізгі қаражаттардың, материалдық емес активтердің, тауарлық-материалдық қорлардың нақты барлығын белгілейді.

11. Салық төлеуші осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген мәліметтердің уақтылы және толық көлемде беруге міндетті.

12. Негізгі қаражаттардың, материалдық емес активтердің, тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары туралы мәліметтер осы Нұсқаулыққа 1-6-қосымшамен белгіленген нысандар бойынша беріледі.

13. Мәліметтер салық органдарына екі данада беріледі, олардың біреуі оны қабылдау туралы белгімен бірге салық төлеушіге қайтарылады. Мәліметке басшы, бас бухгалтер материалды жауапты тұлға қол қояды және мөрмен куәландырылады. Аталған тұлғалар жоқ болған жағдайда мәліметтер ұйым

басшысының немесе оны ауыстыратын тұлғаның бұйрығына сәйкес осыған уәкілеттік берілген тұлғалар қол қояды.

14. Қосылған құн салығы бойынша декларацияны және берілген мәліметтерді қабылдағаннан кейін салық органдарының лауазымды тұлғалары берілген мәліметтердің растығын тексеруге құқылы. Тексеру процесінде бухгалтерлік есеп деректері мен берілген мәліметтердің сәйкестігі белгіленеді және оларды нақты белгілеу мақсатымен қалдықтарды алу жүргізіледі.

15. 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген салық сомасынан шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асуы (бұдан әрі - асу) осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерге енгізілген тауарлық-материалдық қорларды сату және (немесе) өндірістік қызметте пайдалану шегі бойынша қосылған құн салығы жөніндегі алдағы төлемдер есебіне бұл асуды есептейді.

16. Осы Нұсқаулықтың 15-тармағында көрсетілген салық төлеушілер әрбір есепті кезең үшін қосылған құн салығы бойынша декларациямен бір уақытта салық органдарына осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына белгіленген нысан бойынша осы Нұсқаулыққа 6-тармақта көрсетілген мәліметтерге енгізілген тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарының пайдаланылуы туралы есеп беру (бұдан әрі - есеп беру) беріледі.

Есеп беруде сондай-ақ есеп беру жасалатын кезеңде қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептелетін қосылған құн салығының асу сомасы көрсетіледі. Қосылған құн салығының асуы мынадай тәртіпте қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдер есебіне есептеледі:

1) егер өндірістік мақсаттарда пайдалану үшін тиеп жөнелтілген немесе есепті кезең ішінде сатылған тауарлық-материалдық қорлар бойынша 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін шегерімге жатқызылған қосылған құн салығының сомасы аталған есепті кезеңнің басында бар асу сомасынан аспаса, онда мұндай асу сатылған тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарына келетін шегерімге жатқызылған қосылған құн салығының мөлшерінде осы есепті кезең үшін төлеуге жататын қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептеледі;

2) егер өндірістік мақсаттарда пайдалану үшін тиеп жөнелтілген немесе есепті кезең ішінде сатылған тауарлық-материалдық қорлар бойынша 2001 жылғы 1 шілдеге дейін шегерімге жатқызылған қосылған құн салығының сомасы аталған есепті кезең басында бар асу сомасынан асса, онда мұндай асу толық көлемде осы есепті кезең үшін төлеуге жататын қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептеледі.

17. Егер тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарын сату жағдайында нөлдік ставка бойынша салық салынса, онда осындай айналымға келетін асу сомасы Заңның 69-бабындағы 1-тармаққа сәйкес салық төлеушіге қайтаруға

ж а т а д ы

Z 9 5 2 2 3 5 \_

18. Тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарын пайдалану туралы есеп екінші жарты жылдық ішінде беріледі. Егер аталған кезеңде тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары өндірістік қызметте толық сатылған немесе пайдаланылған жағдайда, онда осындай пайдаланудан кейін е с е п б е р і л м е й д і .

19. Заңның Z952235\_ 179-бабының 12-бабына сәйкес 2001 жылғы шілдедегі жағдай бойынша жолда орналасқан негізгі қаражаттар, тауарлық-материалдық қорлар бойынша олар негізіндегі 2001 жылдың шілдесіне дейін, бірақ аталған күннен кейін алынған төлем жүргізілсе қосылған құн салығы 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін қолданылған ставканы ескеріп есептелген мөлшерде шегерімге ж а т а д ы .

20. 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жолда орналасқан негізгі қаражаттар, тауарлық-материалдық қорлар бойынша 2001 жылғы 1 шілдеден кейін алынған аталған күнге дейін олар бойынша төлем жүргізілмеген қосылған құн салығы 2001 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылған ставкадан ескеріп есептелген, бірақ 16 проценттен астам емес мөлшерде шегерімге жатқызылады:

10 проценттік ставка бойынша қосылған құн салығымен салық салынған 2001 жылғы 1 шілдеге дейін оларды сату жөніндегі тауарлар, айналымдар бойынша - 1 0 п р о ц е н т м ө л ш е р і н д е ;

20 проценттік ставка бойынша қосылған құн салығымен салық салынған 2001 жылғы 1 шілдеге дейін оларды сату жөніндегі тауарлар, айналымдар бойынша.

21. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден жеткізушілермен 2001 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған келісім-шарттар ( шарттар) бойынша 2001 жылғы 1 шілдеден кейін қосылған құн салығын ескеріп бағалар негізіндегі алынған тауарлар (Ресей Федерациясында сатып алынатын тұрақты газ конденсатын қоса табиғи газдан, мұнайдан басқа), жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығы шегерімге жатқызылуға жатпайды.

22. Шегерімге жатқызылған қосылған құн салығының сомасынан Қазақстан Республикасының аумағына осы Нұсқаулықтың 20-тармағында көрсетілген тауарларды әкелу кезінде кеден режимінің шарттарына сәйкес қайтаруға жатпайтын және Қазақстан Республикасының бюджетіне белгіленген тәртіпте төленген және де Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес рәсімделген жүк кеден декларациясында көрсетілген салық сомасы болып т а б ы л а д ы .

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғы н а

1

қ о с ы м ш а

2001 жылғы 1 шілдеге арналған жағдай бойынша тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары туралы МӘЛІМЕТ СТН \_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_  
теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Р/с ТМҚ атауы Саны ҚҚС-сыз ТМҚ құны, Есепке жатқызылуға тиісті N сатып алу ҚҚС сомасы \_\_\_\_\_ 10% 20% \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1  
2 3 4 5 6 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жиынтығы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қабылданғаны туралы салық (аты-жөні) органының белгісі Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні) немесе салық органының мөртабаны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Материалдық жауапты тұлға \_\_\_\_\_ М.О. ( а т ы - ж ө н і )

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562  
Н ұ с қ а у л ы ғ ы н а 2 қ о с ы м ш а

2001 жылғы 1 шілдеге арналған жағдай бойынша негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің қалдықтары туралы МӘЛІМЕТ СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Р/с Атауы Бастапқы құны ҚҚС сомасы Қалдық құны N \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1  
2 3 4 5 6 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Негізгі құрал- жабдықтар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Материалдық емес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ активтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жиынтығы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қабылданғаны туралы салық (аты-жөні) органының белгісі Бас



бухгалтер \_\_\_\_\_ Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні)  
немесе салық органының мөртабаны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Материалдық жауапты тұлға \_\_\_\_\_ М.О. (  
а т ы - ж ө н і )

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғ ы н а

3

қ о с ы м ш а

2001 жылғы 1 шілдеге арналған жағдай бойынша жауапты сақтауға берілген  
негізгі құрал-жабдықтардың, тауарлық-материалдық қорлардың және  
материалдық емес активтердің қалдықтары туралы МӘЛІМЕТ СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_

теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Р\с НКЖ, ТМҚ және Саны ҚҚС-сыз ҚҚС-ның сомасы Жауапты  
НКЖ, ТМҚ және мате. N материалдық ТМҚ \_\_\_\_\_ сақтау риалдық  
емес актив. емес активтер. құны, 10% 20% туралы терді алған салық дің атауы  
сатып шарттың төлеушінің атауы алу N және және СТН күні \_\_\_\_\_

1 2 3 4 5 6 7

8 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жиынтығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

Қабылданғаны туралы салық (аты-жөні) органының белгісі Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні) немесе салық  
орғанының мөртабаны \_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғ ы н а

4

қ о с ы м ш а

2001 жылғы 1 шілдеге арналған жағдай бойынша жауапты сақтауға алынған  
негізгі құрал-жабдықтардың, тауарлық-материалдық қорлардың және  
материалдық емес активтердің қалдықтары туралы МӘЛІМЕТ СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_

теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Р\с НҚЖ, ТМҚ және Саны ҚҚС-сыз ҚҚС-ның сомасы Жауапты  
НҚЖ, ТМҚ және мате. N материалдық ТМҚ \_\_\_\_\_ сақтау риалдық  
емес актив. емес активтер. құны, 10% 20% туралы терді алған салық дің атауы  
сатып шарттың төлеушінің атауы алу N және және СТН күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1 2 3 4 5 6 7

8 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жиынтығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

Қабылданғаны туралы салық (аты-жөні) органының белгісі Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні) немесе салық  
органының мөртабаны \_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_

-----  
Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғ ы н а

5

қ о с ы м ш а

ҚҚС бойынша мерзіміне ұзарту бере отырып өндірістік қайта өңдеу үшін  
импорт бойынша алынған тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары туралы  
МӘЛІМЕТ СТН \_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Р\с ТМҚ атауы Мерзімін Мерзімі

Өтелген сома 01.07.2001 жылға N ұзарту ұзартыл. \_\_\_\_\_

арналған жағдай беріл. ған ҚҚС- Өткізу Нақты төленді бойынша мерзімін ген  
ның бойынша \_\_\_\_\_ ұзарту бойынша күн сомасы өтелді Төлем Төлем

берешек сома. тапсырма. сы сының күні және нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1 2 3 4 5 6 7 8 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жиынтығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

Қабылданғаны туралы салық (аты-жөні) органының белгісі Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні) немесе салық

органының мөртабаны \_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғ ы н а

6

қ о с ы м ш а

2001 жылғы 1 шілдеге арналған жағдай бойынша жолда кездесетін негізгі құрал-жабдықтар, тауарлық-материалдық қорлар туралы МӘЛІМЕТ СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ N НКЖ,ТМҚ-дың НКЖ, ТМҚ Жеткізуші. ҚҚС-сыз ҚҚС-ның Төлеу атауы жеткізуге нің СТН құны сомасы шарт N және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ және күні атауы 10% 20% Төлеу Төлем сомасы тапсырма. сының N және күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1 2 3 4 5 6 7 8 9 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жиынтығы \_\_\_\_\_

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_ Қабылданғаны туралы салық (

аты-жөні) органының белгісі Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні) немесе салық органының мөртабаны

\_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғ ы н а

7

қ о с ы м ш а

2001 жылғы \_\_\_\_\_ есепті кезең үшін тауарлық-материалдық (ай, тоқсан) қорлардың қалдықтарын пайдалану туралы ЕСЕП СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мекен-жайы және телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Р ТМҚ-дың Есепті Есепті кезеңнің Өткізу мақсатымен Есепті кезеңнің / атауы кезең. басындағы ТМҚ ТМҚ тиелді және аяғындағы ТМҚ с нің қалдығы (немесе) жеке қалдығы N басында өндірістік қажетті. ҚҚС-ның лікке

пайдаланылды асуы \_\_\_\_\_

\_\_\_ ҚҚС-сыз ҚҚС-ның ҚҚС-сыз ҚҚС-ның ҚҚС-сыз ҚҚС-ның құны сомасы құны  
сомасы құны сомасы (4-баған (5-баған- -6-ба. 7-баған) ған) \_\_\_\_\_

\_\_\_ Жиынтығы: \_\_\_\_\_

\_\_\_ Табицаның жалғасы \_\_\_\_\_

\_\_\_ ҚҚС-ның асуы \_\_\_\_\_ Есепті Есепті кезеңде  
ҚҚС кезеңнің бойынша төлем аяғында есебіне есептелетін ҚҚС сомасы \_\_\_\_\_

\_\_\_ Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_ Қабылданғаны туралы  
салық (аты-жөні) органының белгісі Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Қабылданған тұлғаның аты-жөні (аты-жөні) немесе салық органының мөртабаны

\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562

Н ұ с қ а у л ы ғы н а

8

қ о с ы м ш а

Тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарын  
пайдалану туралы есепті жасаудың  
т ә р т і б і

Тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарын пайдалану туралы есеп ( бұдан әрі - ТМҚ) салық төлеуші 2001 жылғы 1 шілдеге дейін алынған сол тауарлық-материалдық қорлар бойынша және салық төлеуші осы Нұсқаулыққа 1 қосымшада белгіленген нысан бойынша мәлімет бергені бойынша жасалады.

1) 2-бағанда есепті кезеңнің басындағы қалдықтарда салық төлеушілерге есептелетін және есепті кезең ішінде өткізу мақсатымен тиелген болмаса жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған ТМҚ атауы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басындағы қалдықтарда салық төлеушілерге есептелетін және есепті кезең ішінде өткізу мақсатымен тиелген болмаса жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған ТМҚ атаулары бойынша таратып жазусыз "Басқадай" ретінде көрсетіледі ;

2) 3-бағанда осы жылдың 1 шілдесі үшін есеп жасау кезінде 2001 жылғы 1 шілдеге арналған жағдай бойынша құралған есептелген салық сомасынан есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасының асуы (бұдан әрі - асуы)

көрсетіледі. Кейінгі кезеңдер үшін есеп жасау кезінде осы бағанда 3-бағанда көрсетілген осы жылдың шілде айы үшін есепте және бұрынғы есепті кезең үшін қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептелмеген асып кету қалдығы көрсетіледі. Осы бағанның деректері бұрынғы есепті кезең үшін берілген есептің 10-бағанының деректерімен сәйкес келуі қажет;

3) 4-бағанда атауы есептің 2-бағанында көрсетілген ТМҚ құны көрсетіледі. "Басқалай" ретіндегі есептің 2-бағанында көрсетілген ТМҚ бойынша жалпы құны көрсетіледі;

4) 5-бағанда ТМҚ қалдықтары бойынша есепке жатқызылған, атауы 2-бағанда көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. "Басқалай" ретіндегі есептің 2-бағанында көрсетілген ТМҚ бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 6-бағанда өткізу мақсатымен тиелген және (немесе) есепті кезеңде жеке өндірістік қажеттілікке пайдаланылған ТМҚ құны көрсетіледі. Атаулары "Басқалай" ретіндегі есептің 2-бағанында көрсетілген ТМҚ бойынша құны көрсетілмейді;

6) 7-бағанда есептің 6-бағанында құны көрсетілген ТМҚ бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

7) 8-бағанда 4 және 6-бағандардағы айқындалатын айырмашылық есепті кезең аяғындағы қалдықтарға есептелетін ТМҚ құны көрсетіледі. 8-бағанда "Басқалай" ретінде 2-бағанда көрсетілген ТМҚ бойынша 4-бағанның деректері көрсетіледі;

8) 9-баған 8-бағанды жасағанға ұқсас тәртіпте жасалады;

9) 10-бағандағы деректер 3 және 7-бағандардағы айырмашылық ретінде айқындалады; 10) 11-бағанда ағымдағы есепті кезең үшін қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептелетін асып кету сомасы көрсетіледі. Осы бағанның мөлшері мынадай тәртіпте айқындалады: егер есептің 7-бағанының мөлшері есептің 3-бағанының мөлшерінен кем болса, онда 11-бағанда есептің 7-бағанының мөлшері көрсетіледі; егер есептің 7-бағанының мөлшері есептің 3-бағанының мөлшерінен асып кетсе, онда 11-бағанда есептің 6-бағанының мөлшері көрсетіледі. Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.